

САБАҚ ЖОСПАРЫ


Пән	Алгебра және анализ бастамалары
Мұғалім	Асқарбекова Балымкүл
Мектеп, сынып	Астана қаласы, Райымбек батыр атындағы №50 "Қазғарыш" мектеп-лицей, 10-сынып
Сабақ тақырыбы	Күрделі функцияның туындысын табу



www.bilimland.kz

Сілтеме	Блум таксономиясы, оқулық.
Жалпы мақсаттар	а) оқулық: оқушыларға күрделі функцияның туындысын табу ережелерін таныстыру, ережелерді қолдану тәртібін меңгерту, дәрежелік функцияның туындысын табу формуласын таныстыру, күрделі функцияның туындысын табу есептерін шешуді үйрету. ә) дамытушылық: оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту, ой өрістерін кеңейту; б) тәрбиелік: оқушыларды таза жазуға, ұқыптылыққа, көп еңбектенуге тәрбиелеу.
Оқыту нәтижелері	- Күрделі функцияның туындысын табу ережелерін жазып бере алады; - Дәрежелік функцияның формуласын қолдана біледі; - Күрделі функцияның туындыларын таба алады; - Есептер шығару кезінде осы жоғарыда айтылған білімдерді сабақтастырады.
Негізгі идеялар	- Күрделі функцияның туындысын табу ережелерін қолдана отырып қарапайым дәрежелік функциялардың туындыларын анықтау; - Уәжді ынталандыру, бірлесе отырып орындалатын жұмыстар негізінде материалды меңгеру, бір-біріне көмек беру; - Өзіндік ойын айта білуге дағдыландыру.

Сабақтың кезеңдері:

	<p>I. Ұйымдастыру кезеңі: а) оқушылармен сәлемдесу, тізім бойынша түгендеу; ә) оқушылардың сабаққа дайындықтарын тексеру; Оқушыларды 3 топқа бөлу және топ көшбасшыларын таңдау. Топтық жұмысты бақылау, сұрақ-жауап сәтін ұйымдастыру, оқушылардың бірін-бірі бағалауына мүмкіндік туғызу және тапсырмаларды талқылап, ортақ шешімге келуіне жағдай жасау.</p> <p>II.1. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру. <i>Интербелсенді тақтадан үйге берілген тапсырманың дұрыс жауабы беріледі. Жұптасып отырған оқушылар бір-бірімен дәптерлерін алмасып, экрандағы есептің дұрыс жауабымен салыстырады. Дұрыс жауапқа 1 балл қойып отырады. Мұғалім оқушылардың үй тапсырмасы бойынша жинаған ұпайларын оқып кетеді.</i> <i>Оқушылардың дәптерлерінен үй жұмыстарының орындалуын тексеріп өтеді.</i></p> <p>II.2. Білімдерін сұрақтар қою арқылы тексеріп өту:</p> <div style="text-align: center;">  </div> <p>http://www.bilimland.kz/kk/content/structure/855-analiz_bastamalary#lesson=11276</p> <p>III. Жаңа сабақ материалын Блум таксономиясының кезеңдері бойынша игеру.</p>
--	--

	<p>Білу. Күрделі функцияны құрастыру ережесі: http://www.bilimland.kz/kk/content/structure/855-analiz_bastamalary#lesson=11604</p> <p>1-мысал: $g(x)=x+1$ $f(x)=x^2$ 1) $y=f(g(x))$ $y=(x+1)^2$ 2) $y=g(f(x))$ $y=x^2+1$</p> <p>Күрделі функцияның туындысын табу ережесі: $Y=f(g(x))$ $Y'=(g(x))'(f'(g(x)))'$ http://www.bilimland.kz/kk/content/structure/855-analiz_bastamalary#lesson=11604</p> <p>2-мысал: $y = \sqrt{x^2 + 2}$ туындысын табыңыз. $y = \sqrt{x^2 + 2}$ $y' = (x^2 + 2)'(\sqrt{x^2 + 2})' = 2x \cdot \frac{1}{2\sqrt{x^2 + 2}} = \frac{x}{\sqrt{x^2 + 2}}$</p>	
<p>Жалпы топтарға ортақ тапсырма</p>	<p>Түсіну. Қарапайым функциялардың туындысын табуға арналған тапсырмаларды орындау. Жалпы сыныппен жұмыс. Талантты балалардың белсенділіктері арқылы келесі есепті тақтада екі оқушыға орындату. Экраннан: http://www.bilimland.kz/kk/content/structure/855-analiz_bastamalary#lesson=11604 5-жаттығуды орындайды.</p> <p>№ 213. №214</p>	
<p>Топтық жұмыс жүргізу</p>	<p>Топтық жұмыс жүргізу. Бөлінген топтарда топ көшбасшысының басқаруы арқылы топпен жұмыс жүргізу.</p> <p>№ 215 а) ә) б) есебін топтаса отырып орындату. Бірінші аяқтаған топтан оқушылар жұмыстарын интербелсенді тақтада қорғап түсіндіреді. Басқа топтар өз ойларын айтады.</p>	
<p>1-тапсырма</p>	<p>Синтездеу Топтарға сыни тұрғыдан ойланып, шешімдерін анықтауға берілген есептер: №216 есептің а), ә), б) нұсқасын топтаса отырып орындату.</p>	<p>Қиындықтар кездескен жағдайда бағыт-бағдар беру.</p>
<p>2-тапсырма</p>	<p>Қолдану: Топқа есептер: №217 а), ә), б) нұсқасын орындау, жұппен талқылау. Ойларды ортаға салу.</p>	<p>- жаттығуларды топ болып жұмыс дәптерлеріне орындау; - бір-біріне сұрақ қою.</p>
<p>Қорыту</p>	<p>IV. Сабақты қорытындылау. V. Бағалау.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Топ көшбасшысының бағалауы; • Оқушылардың оқытуды бағалауы; • Оқушыларға бағалар қою. 	<p>http://www.bilimland.kz/kk/content/structure/855-analiz_bastamalary#lesson=11604</p>
<p>Үй тапсырмасы</p>	<p>II тарау, §16, №218,219</p>	